

Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені немесе ұзартқаны үшін алым мөлшерлемелерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 3 сәуірдегі № 157 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 3 қазандағы № 819 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.10.2025 № 819 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.01.2026 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.11.2021 № 811 қаулысымен.

2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 554-бабының 9-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені немесе ұзартқаны үшін алым мөлшерлемелері:

күнтізбелік 90 күнге дейін – 12 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

күнтізбелік 180 күнге дейін – 24 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

күнтізбелік 270 күнге дейін – 36 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

күнтізбелік 365 күнге дейін – 48 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленетін маусымдық шетелдік жұмыскерлерді қоспағанда, Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені немесе ұзартқаны үшін алым мөлшерлемелері алымдарды төлеу күніне республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне байланысты осы қаулыға қосымшаға сәйкес мөлшерлерде белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.11.2021 № 811 қаулысымен.

2. "Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым мөлшерлемелерін белгілеу туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 тамыздағы № 459 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 44, 265-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 3 сәуірдегі
№ 157 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені немесе ұзартқаны үшін алым мөлшерлемелері

Ескерту. Қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 12.11.2021 № 811 қаулысымен.

Р/с №	Экономикалық қызмет түрінің атауы		Айлық есептік көрсеткішпен мөлшерлемелер							
			шетелдік жұмыскерлердің бірінші санаты			шетелдік жұмыскерлердің екінші санаты	шетелдік жұмыскерлердің үшінші санаты	шетелдік жұмыскерлердің төртінші санаты		
			қолданылу мерзімі бір жылдық рұқсат	қолданылу мерзімі екі жылдық рұқсат	қолданылу мерзімі үш жылдық рұқсат					
1	2	3	4	5	6	7	8			
1	Ауыл, орман және балық шаруашылығы	137	274	411	158	179	200			
2	Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	154	308	462	178	202	225			
3	Өңдеуші өнеркәсіп	154	308	462	178	202	225			
4	Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау	137	274	411	158	179	200			
5	Сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және бөлуді бақылау	137	274	411	158	179	200			
6	Құрылыс	171	342	513	198	224	250			
	Көтерме және бөлшек сауда;									

7	автомобильдер мен мотоциклдарды жөндеу	154	308	462	178	202	225
8	Көлік және қоймаға жинау	137	274	411	158	179	200
9	Тұру және тамақтану бойынша қызметтер	137	274	411	158	179	200
10	Ақпарат және байланыс	137	274	411	158	179	200
11	Қаржы және сақтандыру қызметі	137	274	411	158	179	200
12	Жылжымайтын мүлікпен орындалатын операциялар	137	274	411	158	179	200
13	Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет	137	274	411	158	179	200
14	Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	137	274	411	158	179	200
15	Міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	137	274	411	158	179	200
16	Білім беру	137	274	411	158	179	200
17	Денсаулық сақтау және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер	137	274	411	158	179	200
18	Өнер, ойын-сауық және демалыс	137	274	411	158	179	200
19	Өзге де қызмет түрлерін ұсыну	154	308	462	178	202	225
20	Үй қызметшісін жалдайтын және өзі тұтыну үшін тауарлар өндіретін және қызметтер көрсететін үй шаруашылықтары-ның қызметі	137	274	411	158	179	200
21	Эксаумақтық ұйымдардың және органдардың қызметі	137	274	411	158	179	200

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК